



Құт пен қадір

Қарттарым – асыл қазынам

1 қазан күні Қарқаралы аудандық Мәдениет үйінде жыл сайын дәстүрге айналған Халықаралық қарттар күніне орай салтанатты іс-шара өтті. «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік концерттік бағдарлама аясында ауданның бірқатар елді мекендерінен келген ардақты қарттарымыз құрмет төріне озды.

Мәдениет үйінің алдына ер-терек жиналған қарияларды ақ жаулықты арулар мен әсем киінген биші қыздар «ашық жол» жасап, шат көңілмен қарсы алды. Жүрек тербер күй мен әуен, мерекелік көңіл-күй бірден сезіліп тұрды.

Сахна төріне көтерілген жүргізушілер – Әділет Шәймерденов пен Арайлым Құснидтенова кештің шымылдығын ашып, мерекеге жиылған көпшілікті Қарттар күнімен құттықтады.

«Бұл күні біз қарттарымызға деген қамқорлығымыз бен құрметімізді барынша көрсетуге, ерекше ілтипат танытуға тырысамыз. Қария – елдің қорғаны, шежіресі, тағылымы. Даналықтың көзі де – солар», – деді кеш жүргізушілері өз кіріспе сөзінде.

Салтанатты жиынның алғашқы құттықтау сөзі Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары Нұржан Ілияшқа беріліп, ол өз кезегінде ел бірлігінің, ұрпақ сабақтастығының жарқын үлгісі болған ардагерлерге ризашылығын білдірді.

– Бүгінгі бейбіт күннің шуағы сіздердің маңдай тер, қажырлы еңбектеріңіздің жемісі. Сіздерге деген алғысымыз шексіз, – деді Нұржан Ағыбайұлы.

Бұдан соң сахна төрін ән мен жырға, мың бұралған биге кезек берілді. Кеш «Аңыз» үлгілі хореографиялық ансамблінің



«Тарту» биімен басталып, мерекенің шымылдығын көркем түрде ашты. Артынша сахнада Қасым ауылынан келген «Шаттық» би тобы «Бүлдірген» биін билеп, көрермен ықыласына бөленді.

Сазды кеш барысында Ерлан Сепкрайдың орындауындағы «Аяулы менің Арайлым», Бақытжан Үйсінбаевтың «Сол күнді қатты сағындым» әні, Әлімжан Макеновтің орындауындағы «Өн-домбыра» туындысы көпшіліктің жүрегіне жол тапты.

Одан бөлек, кішкентай бүлдіршіндердің де белсенділігі ерекше болды. №1 мектеп оқушысы Мәукен Шұғыла «Ата-апа» әнін шынайы сезіммен орындаса, №2 мектептің жас өнерпазы Мұхаметқали Самир «Мама» әнімен жүрек қылын тербеді. Ал Болат Нұррахманның

«Бозторғай» әні көрермендердің зор қошеметіне ие болды. Биші қыздар да өз өнерлерін ортаға салып, ұлттық және әлемдік би бағыттарын ұштастыра білді. Әсіресе, «Ай-ару» бишілер тобының орындауындағы үнді биі көрермендердің ерекше ықыласын туғызды.

Кеш соңына қарай Аида Әбілқасымованың орындауындағы «Перзент парызы», Нұрсұлтан Қасымбектің «Мен сіздерді жақсы көремін» әні қарттардың көңілін бір серпілтіп, жас буынның аға ұрпаққа деген құрметі мен сүйіспеншілігін паш етті.

Қариялар – бір әулеттің ғана емес, тұтас бір халықтың тарихын арқалап жүрген шежіре. Олардың өмірлік тәжірибесі, көрегендігі, ақылы – келер ұрпаққа үлгі, өнеге. Қоғамдағы орны

ерекше бұл буынның әрбір сөзі – аманат, әрбір ісі – тағылым.

Кеш соңында жүргізушілер барша қатысушыларға алғысын білдіре отырып:

«Қарттар – ақылдың кені, тіршіліктің темірқазығы. Олар аман болса – елдің берекесі ортаймайды. Барша қарттарымызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, шат-шадыман өмір тілейміз!» – деген жүрекжарды лебізбен концерттік бағдарламаны қорытындылады.

Қарттарды құрметтеу – ұлтты ұлықтау. Сол ұлық ұғымның төрінде жүрген Қарқаралы жұртының бұл шарасы көпке үлгі болары анық.

«Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ тапсырысымен

Шамшырақ

Мәртебелі мамандық иелеріне құрмет



Қазанның екінші жұлдызында Ш.Жандарбекова атындағы мәдениет үйі ерекше көрікке бөленді. Білім мен парасаттың шырағын жағушы, жүрегінің жылуын шәкіртіне арнаған ардақты жандар – ұстаздар қауымының төл мерекесі «Мәртебелі мамандық» атты салтанатты шарамен аталып өтті.

Зал іші мерекелік әуенмен көмкеріліп, сахнада «Кәсіби мерекелеріңізбен, құрметті білім беру қызметкерлері!» деген жазу алыстан менмұңдалап, ұрпақ тәрбиесіне адалдықпен еңбек етіп жүрген ұлағатты ұстаздарға деген құрметтің айғағындай әсер қалдырды.

Салтанатты кешке аудан әкімдігі, білім саласының басшылары, ардагер ұстаздар, ауыл мектептерінен келген мұғалімдер мен оқушылар қатысты.

Аппаз балалар театрының сахналық қойылымы мерекенің шымылдығын түріп, балғын бүлдіршіндердің өнері көрерменнің жүрегіне жылулық ұялатты.

Фонфар үнімен сахна төріне шыққан төрт жүргізуші – жас шәкірттер мен ұстаздар – ұла-

ғатты маман иелерін өлең жолдарымен қарсы алып, мерекенің мазмұнын аша түсті.

Әбу Насыр әл-Фараби мен Ахмет Байтұрсынұлының ұстаздық хақындағы ұлы сөздері, тебірене оқылған арнаулар салтанатты жиынның рухын биіктетті.

Аудандық білім бөлімінің басшысы Абылай Жалелов сахнаға көтеріліп, барша ұстаздарды кәсіби мерекелерімен құттықтап, білім беру саласына ұзақ жылдар адал еңбек еткен зейнеткер ұстаздарды арнайы марапаттады.

Осы күні сахна төрінде бірінен соң бірі марапаттар ұсынылып, ардагер ұстаздар мен қазіргі таңда білім нәрін сеуіп жүрген мұғалімдерге «Құрмет

грамоталары» мен «Алғыс хаттар» табысталды. Ұлттық киім киген қыздардың гүл мен марапат қағаздарын ұсынуы – ұстаздарға деген ілтипаттың символындай әсер қалдырды. Ұзақ жылдар ұрпақ тәрбиесіне өлшеусіз еңбек сіңірген Тусупова Бағдат Ахметбековна, Госман Жамелұлы Мерсалимов, Мариям Төлеуханқызы Оспанова, Майра Рахимжанқызы Рахимжанова, Зайда Мұхтарқызы Байғожина, және басқа да көптеген зейнеткер ұстаздар сахна төрінен марапат алып, елдің шынайы қошеметіне бөленді.

Зейнеткер ұстаз Людмила Абрамовна Хайруллина сахнада жүрекжарды жыр оқып, кешке көркемдік әр берді.

Марапат иелеріне арнап ұй-

ымдастырылған концерттік бағдарлама шын мәніндегі өнер мерекесіне айналды.

«Аңыз» үлгілі хореографиялық ансамблінің «Боз дала», «Хорезм» билері, Мейрам Інжудің орындауындағы «Мектебім менің» әні мен Нұрсұлтан Қасымбек пен Аида Әбілқасымованың «Ұстазым менің» атты финалдық дуэті кештің шарықтау шегіне айналды.

Одан бөлек, жас өнерпаздар мен мектеп оқушыларының орындауындағы «Көз тоймас Қарқаралым!», «Арманыма асығамын», «Ақ пен қара» және өзге де туындылар – көрерменнің зор қошеметіне ие болды.

Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеген ұстаз – қоғамның алтын тірегі. Бұл кештің басты мақсаты – сол алтын діңгектерге деген алғыс пен ризашылықты жеткізу еді.

Ұстаздық жолдың жауапкершілігі мен қиыншылығы, қажырлы еңбегі мен қайсар мінезі осы бір мерекелік сәтте құрметпен еленіп, марапатпен әдіптелді.

Қазақта «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген мәселі бар. Осы кеште әрбір жақсы адамның еңбегі дәріптеліп, елдің алғысы ақтарылды.

Мереке соңында сахнаға шыққан барлық қатысушылар «Ұстазым менің» әнін бірге шырқап, салтанатты жиын әсерлі нотамен аяқталды.

Қорыта айтқанда, Қарқаралы өңірі үшін ұстаз – тек маман ғана емес, жүрекке жарық, санаға сәуле құятын шамшырақ. «Мәртебелі мамандық» атты мерекелік кеш сол шамшырақтарға арнап жағылған рухани шырақ болды.

Баршын ЕРТІСҚЫЗЫ

ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР! ҚАДІРЛІ ҚАРИЯЛАР!

Сіздерді Қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл мереке – бүкіл қоғам болып сіздерге алғыс білдіретін айрықша күн! Сіздер – жас буынның тірегі, өнеге мен ғибраттың үлгісі, өткен мен бүгінді жалғаған алтын көпірсіздер. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз, еткен еңбектеріңіз бен қоғамға сіңірген еңбектеріңіз баға жетпес құндылық.

Сіздер қиын-қыстау кезеңдерден сүрінбей өтіп, өмірдің талай белестерін қажыр-қайратпен еңсердіңіздер. Біз сіздердің қоғам дамуына қосқан үлестеріңізді, ұрпақ тәрбиесіне арнаған еңбектеріңізді өнеге санаймыз.

Бүгінгі таңда да сіздердің ақыл-кеңестеріңіз бізге бағыт-бағдар береді, жанұя шуағын арттырып, жүрекке жылулық сыйлайды. Арайлап атқан әрбір тандарыңыз қуаныш пен шаттыққа, берекелі күндеріңіз сүйіспеншілік пен мейірімге толы болсын!

Шаңырқтарыңыздан шаттық кетпей, денсаулықтарыңыз мықты, көңілдеріңіз мерекеге бөленіп, әрдайым құрметтің төрінде болыңыздар. Ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, амандық пен береке тілейміз!

Ә.АРҒЫНОВ,
аудан әкімі
С.ОСПАНОВ,
аудандық мәслихат төрағасы

ҚАЗІРЛІ ҰСТАЗДАР!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздерге өлшеусіз еңбектеріңіз, шыдамдылықтарыңыз бен табандылықтарыңыз үшін алғыс айтамыз. Сіздер тек білім беріп қана қоймай, жүрек жылуын, жанашырлық пен сенімді де сыйлайсыздар. Оқушылардың бойындағы талантты ашып, оларды өз күшіне сенуге, ойлауға және үлкен мақсаттарға ұмтылуға үйретесіздер.

Күн сайын сіздер үлкен жауапкершілік пен қамқорлықты аркалап, талмай еңбек етесіздер. Қиындықтарға қарамастан, үнемі шабыттандырып, қолдап, әр оқушының жанынан табыласыздар. Ұстаз болу – болашақтың іргетасын қалаумен тең ұлы іс.

Сіздер – жай ғана пән мұғалімдері емес, нағыз тәлімгерлерсіздер. Айтқан ақыл-кеңестеріңіз – өмірге бағыт беретін шамшырақ. Сіздердің арқаларыңызда білім жолы жарық, жас буынның болашағы – жарқын.

Сіздерге шын жүректен зор денсаулық, шығармашылық шабыт, отбасы амандығы мен шәкірттеріңіздің құрметін тілейміз. Еңбектеріңіздің жемісін көріп, қуаныш пен бақытқа бөлене беріңіздер!

Ә.АРҒЫНОВ,
аудан әкімі
С.ОСПАНОВ,
аудандық мәслихат төрағасы

ҚҰРМЕТТІ БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, АРДАҚТЫ ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫ!

Сіздерді кәсіби төл мерекелеріңіз – Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ұстаздық – қасиетті де мәртебелі мамандық. «Мектептің жүрегі – мұғалім» деген Ахмет Байтұрсынұлының ұлағатты сөзі әрдайым өзектілігін жоғалтқан емес. Расында, мектептің де, ұлттың да болашағы ұстаздардың қолында. Бүгінгі таңда еліміздің келешегіне жол ашар білім мен тәрбие беру ісінде сіздердің еңбектеріңіз өлшеусіз.

Ұстаз – жай ғана мамандық емес, бұл – ұрпақ тәрбиесіне арналған өмірлік миссия. Жаңа ұрпаққа сапалы білім мен өнегелі тәрбие беру жолында күндіз-түні аянбай тер төгіп, шығармашылықпен еңбек етіп келесіздер. Уақытпен санаспай, ең ертеңі үшін қызмет етіп жүрген өздеріңізге шексіз алғыс айтамыз.

Ауданымызда білім беру саласы жыл сайын дамып, биік белестерге жетіп келеді. Бұл – ең алдымен сіздердің адал еңбектеріңіздің, кәсіби шеберліктеріңіздің, тынымсыз ізденістеріңіздің жемісі.

Қадірлі ұстаздар! Сіздердің еңбектеріңіз әрдайым ел ықыласына бөленіп, шәкірттеріңіздің жетістігімен қуанта берсін. Төл мерекелеріңіз құтты болсын! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, шығармашылық табыс тілейміз!

Құрметпен,
А.ЖАЛЕЛОВ,
аудандық білім бөлімінің басшысы
А.СЕКЕРБАЙҰЛЫ,
Кәсіподақ ұйымының төрағасы

Аудандық қоғамдық-саяси газет		
 Qarqaraly БАСПАСӨЗ – 2026		
ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН! Қарқаралы аудандық «Қарқаралы» газетіне 2026 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ 87755483523 whatsapp бойынша ресімдеуге болады.		
Индекс	Санаттар	Жазылу бағасы
65626	Жеке жазылушылар үшін	6 ай – 3485.76 тг 12 ай – 6971.52 тг
55626	Зейнеткерлер үшін	6 ай – 3065.76 тг 12 ай – 6131.52 тг
15626	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай – 4385.76 тг 12 ай – 8771.52 тг
Анықтама телефоны: 8-775-548-3523		

Тағылымды шара

Қазанның алғашқы күні – Халықаралық Қарттар күні қарсаңында Қарқаралы қаласының мәдениет үйінде ерекше бір толғанысқа толы, жүрек жылуына суарылған тағылымды мерекелік кеш өтті.

Атаулы күнге орай ұйымдастырылған бұл шара – тек қуаныш емес, ілтипат пен құрметтің, ізгі тілек пен іңкәр көңілдің көрінісі болды. «Қайран жастық» халықтық ардагерлер хорының мүшелеріне арналған «Үлгі-өнеге иелері» атты бұл кеш – елінің игілігі үшін еңбек етіп, ұрпақ тәрбиесіне үлес қосқан ардагерлерге жасалған тағзымның айғағы еді.

Шараның шымылдығы көңілді әуендермен ашылып, жиналған қарттарымызбен жылы атмосфера орнады. Мерекенің мәнін ашып, мазмұнын байытқан жүргізуші ардагерлер қауымына ақжарма тілектерін арнап, салтанатты кешті бастап берді.

Кештің шынайы шырайын келтірген сәттердің бірі – Ш.Жандарбекова атындағы Қарқаралы мәдени-сауық орталығының директоры Мақсат Мақсымұлы Омарбековтың құттықтау сөзі болды. Ол өз сөзінде ардагер өнерпаздардың халқымыздың рухани мұрасын дәріптеудегі еңбектеріне жоғары баға беріп, оларға зор алғыс білдірді.

Мерекелік кеште тек Қарттар күні ғана емес, сондай-ақ күз мезгілінде дүние есігін ашқан және мерейтой иелерінің туған күндері де аталып өтті. Бұл – ұжымның әр мүшесіне көрсетілген қамқорлықтың, шынайы жанашырлықтың белгісі.

Мерейтой иелерінің қатарында: Дюсекина Рахима – 85 жас, Мәкенов Әміржан – 70 жас, Бариева Мұхтарима – 78 жас, Абдрахманова Несіпжан. Бұл қымбатты жандарға лайықты құрмет көрсетіліп, сахна төріне жеке-жеке шақырылып, гүл шоқтары мен естелік сыйлықтар табысталды.

Осы сәтте Әлімжан Мәкенов орын-

Үлгі-өнеге иелері



даған ән ардагерлерге арналған шынайы музыкалық тарту болды. Әлімхан Ермеков атындағы №2 мектептің директоры Нариман Есов білім беру бөлімі, білім саласындағы кәсіподақ ұйымы мен мектеп ұжымы атынан өз өмірін білім мен тәрбиелеу ісіне арнаған ардагер ұстаз Рахима Дюсекинаға құрмет білдірді. Ұзақ жылдар бойы мектеп қабырғасында табанды еңбек етіп, талай шәкіртке жол сілтеген ұлағатты ұстазға мектеп ұжымы атынан құттықтау хат пен гүл шоқтарын табыстады. Бұл игі шара – білім саласында аянбай тер төккен жандардың ең-

бегін бағалаудың жарқын көрінісі. Бүгінгі ұжымда жоқ болса да, әр жүректе орны бар асыл жандар – Баймұханбеков Қасен ата мен Түсіпханова Жаңылдық ананың есімдері ерекше құрметпен аталып өтті. Олардың жарқын бейнесі, өмір жолы – ұжымның ғана емес, өңірдің тарихында мәңгілікке таңбаланған.

Қарқаралы еліндегі әрбір сүйіншілі шарада, жеңісті күндерде, құрметті қонақтар келгенде ақ көңілмен шашуын шашып, елдің ықыласына бөленген ақ жаулықты аналарымыз халық арасында «Шашу апа» атанып кеткен еді. Сол көптің алғысына бөленген ардақты

апаларға мереке күні ерекше құрмет көрсетіліп, тәттілерден шашу шашылды.

Бұл – қазақы дәстүр мен ел бірлігін ұлықтаған, мейірім мен риясыз құрметке толы жарасымды сәттердің бірі болды. Ақ тілекті ақ жаулықпен көмкерген аналар да көпшілікке ақ батасын арнап, мерекелік кештің шырайын аша түсті. «Қайран жастық» ұжымының ішінен дараланып шыққан «Шашу апалар» – өмірлік тәжірибесімен, өнерге деген адалдығымен үлгі болған асыл аналар. Бұл топқа: Қазиева Тілеужан, Ахмадиева Жібек, Бактыбаева Дана, Әлпейісова Әлімаш, Абдрахманова Не-

сіпжан, Шанина Фатима, Рахимберлина Гүлдария, Бұзауова Гүлнар сияқты ардақты аналар енеді. Бұл аналарға құрақ көрпе сынды ұлттық сыйлық табысталып, рухани шапағат пен дәстүрге деген құрмет көрінісі тапты. Олардың құрметіне Үйсінбаев Бақытжанның орындауындағы «Ана» әні шырқалды.

Әр шаңырақтың тірегі, ұрпаққа үлгі – ақсақалдар Несіпхан ата мен Арман атаның сахна төріне шығып, ұрпаққа бата беруі – кештің тәрбиелік мазмұнын тереңдете түсті. Бір-бірінің жалғасы іспетті айтылған ақ баталар жиналған жұрттың жүрегіне жылылық сыйлады.

Ұрпақ тәрбиесінің бастауы – бесік жыры. Сағымбаева Сақып, Оспанқұлова Мейрамгүл аналардың аузынан шыққан бесік жыры – терең мағынаға, ұлттық рухқа толы болды. Бұл – салт-дәстүріміздің, ана тілінің асқақтығының көрінісі.

Сахна төрінде ардагерлердің өздері де ән шықады. Олардың орындауындағы ән – тек өнер ғана емес, жүректен шыққан шынайы сыр еді. Жүргізуші мерекелік кешті қорытындылай келе, ақ ниетпен, жылы сөзбен ардагерлерге алғыс білдіріп, барша қонақтарды әдемі көңіл-күймен шығарып салды.

«Құрметті аталар мен апалар, сіздер – біз үшін үлгі-өнегенің шырақшыларысыздар. Өмір жолыңыз – біздің бағдарымыз. Сіздердің әрбір ақылыңыз, әрбір сөзіңіз – кейінгі ұрпақ үшін үлкен мектеп», – деп айтылды қоштасу лебізінде.

Қарқаралы топырағы – талай тұлғаны түлеткен, тарих пен тағылым тоғысқан киелі мекен. Осындай өңірде, осындай ардагерлердің ортасында Қарттар күні аталып өткені – шынайы құрметтің, рухани жаңғырудың көрінісі. «Қайран жастық» хор ұжымының мүшелері өнер мен өмірге өнеге көрсетіп жүрген ұлт зиялылары. Ал ұрпақ алдындағы парыз – оларды құрметтеп, ерен еңбектерін ұмытпау.

«Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ тапсырысымен

Мәселе

Семей ядролық полигоны: Қарқаралыдағы келелі кездесу



30 қыркүйек күні Қарқаралы қаласының Жастар ресурстық орталығында өліміз үшін аса маңызды тақырыптардың бірі – Семей ядролық сынақ полигонының (СЯП) зардаптарына байланысты зерттеу аясында дискуссиялық кездесу өтті. Бұл шара Семей ядролық сынақ алаңынан зардап шеккен аймақтардағы халықтың қажеттіліктерін анықтау мақсатында ұйымдастырылды. Талқылау Қазақстандағы беделді ұйымдардың бірі – Фридрих Эберт атындағы қордың қолдауымен өтті.

Сондай-ақ, ұйымдастырушылар қатарында Steppe Organization for Peace жастар бастамасы, Қайша Атаханова бастаған эколог-ғалымдар тобы және Қарағанды облыстық Экоорталығы (Экоцентр) бар.

Семей ядролық полигоны – XX ғасырдың ауыр мұрасы. Қырық жылдан астам уақыт бойы жүргізілген ядролық сынақтар экологияны ғана емес, адамзаттың тағдырын да ұлап кетті. Аталған жоба аясында ұйымдастырылып отырған бұл дискуссия қоғамның нақты үнін билікке жеткізуге бағытталған қадам.

Кездесудің негізгі ерекшелігі – барлық қатысушылардың белсенді араласуы мен пікір білдіруіне басымдық берілуі. Шара барысында топтық пікірталастар ұйымдастырылып, қатысушылар өз ойларын ашық әрі еркін білдіруге мүмкіндік алды.

Талқыланған басты мәселелер: Денсаулық сақтау: Қатысушылар аймақтағы медициналық қызмет сапасы, онкологиялық және генетикалық ауруларға шалдығу жиілігі, тұрғындар арасындағы созылмалы дерттердің көбеюі жөнінде өзекті мәселелерді көтерді. Жергілікті халық ядролық сынақ зардаптарын арнайы медициналық бағдарлама арқылы жеңілдету қажеттігін атап өтті.

Әлеуметтік қорғау: Әлеуметтік жәрдемақылардың жеткіліксіздігі, зардап шеккен азаматтардың мәртебесінің нақтыланбауы және қолданыстағы заңнаманың толыққанды жұмыс істемеуі – жиынның өзекті тақырыптарының бірі болды.

Білім беру: Полигон аумағында өмір сүріп жатқан жастардың сапалы білімге қолжетімділігі, мектеп бағдарламасында экологиялық сауаттылықтың төмендігі мәселелері көтерілді.

Экология: Радиоактивті ластанудың салдары, топырақ пен судың улануы, аймақтың табиғи ресурстарының азуы – жиналған жұртшылықты алаңдататын өзекті түйткілдер қатарында. Қоғамдастықтардың шешім қабылдау процесіне қатысуы: Қатысушылар қоғам өкілдерінің шешім қабылдау үдерісіне араласуын қамтамасыз ету, жергілікті тұрғындардың дауысын есту және саяси диалогқа тарту керектігін ерекше атап өтті.

Іс-шара соңында ұйымдастырушылар жиналған барлық пікірлер мен ұсыныстар арнайы есепке алынып, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі жанындағы Семей ядролық полигоны мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобына жолданатынын жеткізді.

Ұйымдастырушылар Қарағанды облысы әкімдігіне, Қарқаралы ауданы әкімдігіне және Жастар ресурстық орталығына көрсеткен қолдауы үшін зор алғыс білдірді. Өсіресе, Қарқаралы жұртшылығының белсенді қатысуы мен шынайы көзқарасы, мәселенің шынайы маңыздылығын айқын көрсетті.

Ядролық сынақтың салдары бір ғана буынмен аяқталмайды. Оның ауыр ізі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы мүмкін. Сондықтан да, бұл зерттеу – жай статистикалық мәліметтер жинағы ғана емес, шын мәніндегі тарихи әділеттілікке бастар жол болса игі.

Қарқаралыдағы дискуссия – осы жолдағы тағы бір маңызды белес. Алдағы уақытта тұрғындардың ұсыныстары ескеріліп, нақты шешімдер қабылданса, бұл – тек Қарқаралы жұртына емес, бүкіл елге игілік болары сөзсіз.

Дидар ЖҮНІСОВ,
Қарқаралы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне қарасты мұқтаж азаматтарға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі

Хабарландыру

Жаңадан салынған және салынып жатқан ғимараттар мен құрылыстар иелерінің назарына!

Әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне жатын құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан немесе жаңадан салып қойған ғимарат иелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес міндетті түрде халықтың аз қозғалатын топтары үшін (мүгедектігі бар адамдар, қарт адамдар, жүкті әйелдер, балалар арбасымен жүретіндер және т.б.) қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет.

Яғни, әр-бір объекті төмендегі негізгі параметрлерге сәйкестендіріліп жабдықталу керек:

- екі жағынан тұтқалармен қамтылған пандуспен (кіре беріс есігі тым биікте орналасқан жағдайда көтергіш құралмен (подъемник);

- екі жағынан тұтқалармен қамтылған баспалдақпен;

- кіре беріс есіктің ені 90 см кем болмау керек;

- кіре беріс есіктің табалдырығы 1,4 см биік болмау керек;

- ғимарат ішінде орналасқан дәретхана есіктің ені 90 см кем болмау керек;

- дәретхана ішіндегі қол жуғыш пен унитаз арнайы тұтқалармен жабдықталу керек.

Осыған байланысты, тек жоғарыда көрсетілгендей талаптарға сай болған жағдайда ғана объектіні пайдалануға беру актісіне келісім берілетінін ескертеміз.

Қарқаралы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

Объявление

Вниманию собственников вновь построенных и строящихся зданий и сооружений!

В соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан владельцы строящихся или недавно построенных зданий и сооружений, относящихся к объектам социальной инфраструктуры, обязаны обеспечить доступность для маломобильных групп населения (лиц с инвалидностью, пожилых людей, беременных женщин, людей с детскими колясками и т.п.).

То есть каждый объект должен быть оборудован в соответствии со следующими основными параметрами:

- пандусом с поручнями с двух сторон (подъемным устройством, в случае если входная дверь расположена слишком высоко);

- лестницей с поручнями с двух сторон;

- ширина входной двери должна быть не менее 90 см;

- порог входной двери должен быть не выше 1,4 см;

- ширина двери санузла, расположенного внутри здания, должна быть не менее 90 см;

- раковина и унитаз должны быть оборудованы специальными поручнями.

В связи с вышеизложенным напоминаем, что согласование на акт ввода объекта в эксплуатацию будет выдано только при соблюдении вышеуказанных требований.

Отдел занятости и социальных программ Каркаралинского района

Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз қызметі

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлер
кәсіподақ комитеті және Ақтасты ауылына қарасты № 32 орта мектеп
жұмысы мектеп директоры Саменова Асел Казезовнаға анасы
Жұмабике ӘЖІБАЙҚЫЗЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл
айтады.

Жасыл әлем сақшысы

Орман мен табиғатқа өмірін арнаған тұлға



Қазан айының алғашқы күнінде Қарқаралы қаласында орман шаруашылығы саласының көрнекті маманы, өңіріміздің орман қорын қалыптастыру мен қорғауға сүбелі үлес қосқан азамат – Жолдасбек Мақсұтовтың құрметіне арналған мемориалдық тақтаның ашылу салтанаты өтті.

Іс-шара «Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мекемесінің ғимараты алдында ұйымдастырылып, саланың ардагерлері, мемлекеттік органдар өкілдері, аудан әкімдігі, марқұмның туған-туыстары және орман шаруашылығы қызметкерлері қатысты.

Салтанатты рәсімді жүргізуші Дулат Омаров ашып, қонақтарды қарсы алып, шараның мән-маңызын атап өтті. Шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранымен басталды.

Жылған қауым Жолдасбек Мақсұтұлының өмір жолына шолу жасап, 1 минут үнсіздікпен марқұмды еске алды.

Жолдасбек Мақсұтов 1939 жылы 15 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданы, Тақырқөл ауылында дүниеге келген. Орман шаруашылығы саласындағы еңбек жолын 1957 жылы бастап, өмірінің соңына дейін осы салаға қалтқысыз қызмет етті. Түрлі жылдары Арыс, Өгем, Шардара, Қарқаралы өңірлерінде орманшы, бас орманшы, директор қызметтерін абыроймен атқарды.

1979-1989 жылдары Қарқаралы орман шаруашылығын басқарған тұста, қазіргі ұлттық парктің әкімшілік ғимараттарының іргетасын қалап, өңірдегі орман қорғау мен қалпына келтіру жұмыстарын жаңа деңгейге көтерген азамат еді.

1992-1998 жылдары Қазақстан Республикасы Орман шаруашылығы комитеті төрағасының орынбасары ретінде де ауқымды жұмыстар атқарды. Ол кісінің еңбекқорлығы мен табандылығы жас мамандарға үлгі.

Шарада алғаш болып сөз алған Салалық көсіподақ ұйымының төрағасы Қайрат Жанғабылұлы мен Қарағанды облыстық аумақтық орман инспекциясының басшысы Абзал Маратович Мақсұтов Жолдасбектің салаға сіңірген еңбегіне тоқталып, бүгінгі ұрпақ үшін оның өмір жолы өнеге екенін атап өтті.

Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары Нұржан Ағыбайұлы мен Республикаға еңбегі сіңген қайраткер, орман саласының ардагері Мұрат

Раимбеков та естеліктерімен бөлісіп, марқұмның адами болмысы мен кәсіби шеберлігі туралы жылы лебіздерін білдірді.

Салтанатты рәсім барысында «Байтақ елім» әні шырқалып, Жолдасбек ағамыздың туыстары атынан алғыс сөз айтылды.

Іс-шараның басты сәті – Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ғимаратының қабырғасына орнатылған мемориалдық тақтаның ашылуы болды. Белгі тақта марқұмның еңбегін ұлықтап, болашақ ұрпаққа үлгі болмақ. Тақта ашылған соң гүл шоқтары қойылып, шашу шашылды.

Жиыңға қатысушылар бұл құрметті бастаманың маңызын атап өтіп, келешекте осындай өнегелі тұлғалар есімінің ұлықтала беруі қажеттігін жеткізді. Салтанатты рәсімнен кейін «Асылан» мейрамханасында Құран бағышталып, еске алу дастарханы жайылды. Имам дұға оқып, өмірден озған ардагердің рухына тағзым жасалды. Марқұмның туыстарына шапан жабылып, ардагерлер мен қатысушыларға естелік сыйлықтар таратылды. Сонымен қатар LED-экран арқылы Ж.Мақсұтовтың өмірі мен еңбегі туралы фото-видео көріністер көрсетілді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл шара – тек бір азаматты еске алу ғана емес, бүкіл орман шаруашылығы саласына сіңген адал еңбекті ұлықтау. Жолдасбек Мақсұтұлы барлық тұлғалар орман мен табиғатты қорғау жолында аянбай еңбек еткен, өз ісінің шын жанашырлары болған.

«Бүгін орнатылған ескерткіш тақта – Жолдасбек ағамыздың ғибратты ғұмыры мен еңбегіне көрсетілген құрмет. Ол кісі салған сара жолды жалғастыру – біз үшін абыройлы міндет», – деді ұйымдастырушылардың бірі. Мемориалдық шара жоғары деңгейде өтті.

Қатысушылар жүрекжарды алғыстарын айтып, марқұмның отбасы мен әріптестеріне ыстық ықыластарын білдірді. Жолдасбек Мақсұтұлының есімі енді Қарқаралының тарихында мәңгілікке жазылып қалды.

Баршын ЕРТІСКЫЗЫ

Ел мен жер

Жұма күні Қарағанды қаласында «Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің тұрақты дамуы: мемлекет, бизнес және қоғам әріптестігі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараны Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мен БҰҰ Даму бағдарламасы жүзеге асырып жатқан «Климаттың өзгеруі жағдайында ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тұрақты дамуына жәрдемдесу» жобасы бірлесіп ұйымдастырды.

Карқаралы ұлттық паркінің тұрақты дамуы талқыланды



Конференц-залда өткен жиынға мемлекеттік органдар, ірі кәсіпорын басшылары, экологиялық ұйымдар, туристік бизнес өкілдері және сарапшылар қауымдастығы қатысты.

Негізгі мақсат – табиғи мұраны сақтау мен тұрақты даму мәселелері бойынша әріптестік орнату, экотуризмді дамыту, климаттың өзгеруіне бейімделу және инвестициялық жобаларға жол ашу.

Талқыланған негізгі мәселелер табиғи кешендер мен қорық қорының қауіпсіздігін, қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және экожүйелерді қалпына келтіру, экологиялық туризмнің инфрақұрылымын дамыту, жергілікті қоғамдастықпен бірлескен экологиялық-ағартушылық жұмыстар жүргізу, инвестиция тарту үшін қолайлы экожобалар дайындау.

Шара аясында бірнеше маңызды әріптестік келісімдерге қол қойылды. Өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумдарға «Qazmet» АҚ басқарма төрағасы Вадим Борисович Басин, «Atlant Building» ЖШС (демалыс орны «Берлога») директоры Николай Валерьевич Семёнов, «Орталық Азия Қонақжайлық Ассоциациясы» ЗТБ вице-министрі Жазира Құрмашқызы Жанкина, «Табиғат»

республикалық қауымдастығы төрағасының орынбасары Айтуар Болатбекұлы Туғанбековтар қол қойды.

РММ «Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» директорының айтуынша:

– «Ұлттық парктің дамуы тек мемлекетке ғана емес, бүкіл қоғамға ортақ іс. Бүгінгі дөңгелек үстел – өзара түсіністік пен қолдаудың нақты көрінісі. Ортақ күшпен біз экологиялық туризмді дамытып, табиғат байлығын келер ұрпаққа аман жеткізе аламыз», – деді ол.

Шараға қатысушылар қорытынды баяндамалар жасап, ортақ жобаларды іске асыру бойынша нақты ұсыныстар енгізді. Жиын барысында экологиялық қауіпсіздік пен туризмнің тұрақты дамуына бағытталған кешенді шаралар қабылдау қажеттілігі атап өтілді.

Қарқаралы ұлттық паркі – елдің табиғи-мәдени мұрасының асыл бөлігі. Бұл бағыттағы жаңа серіктестіктер мен бастамалар ұлттық парктің мәртебесін арттырып қана қоймай, экологиялық білім беру, табиғатпен үйлесімді туризмді дамыту салаларында нақты нәтижелерге қол жеткізуге жол ашады.

Баршын ЕРТІСКЫЗЫ

Байқау

Грант пен автокөлік: Қарағанды облысында ауқымды ақындар байқауы басталды

Қарағанды облысында төрт мыңнан астам мектеп оқушысы батырлық жырларды мәнерлеп оқу мен терең білуде бақ сынайды. Өңірде «Тұлпар мініп, ту алған!» атты ірі поэтикалық байқау бастау алды. Жарысқа 324 мектептен өтінім түсті. Жеңімпаздар оқу гранты мен автокөлікке дейінгі қомақты жүлделерге ие болады.

Байқауға қатысушылар тек «Бөгенбай батыр» жырын мәнерлеп оқумен шектелмейді. Олар сирек кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіріп, географиялық атауларды нақтылап, мектеп бағдарламасына қатысты сұрақтарға жауап беруі тиіс.

Шара Алапат партиясының қолдауымен өтеді. Оның басты мақсаты – жас буынды қазақ халқының рухани қазынасымен таныстыру, кітап оқуға қызығушылығын арттыру және ана тіліне деген сүйіспеншілігін тереңдету.

Байқау екі кезеңнен тұрады: алдымен 6–10 сынып оқушылары арасында аудандық және қалалық іріктеу турлары өтсе, соңғы шешуші кезең – облыстық финал Қарағандыда ұйымдастырылады.

Жүлде қоры да салмақты. Аудандық және қалалық кезеңдердің жеңімпаздары мен жүлдегерлері 70

мыңнан 150 мың теңгеге дейін қаржылай сыйақы алады. Ал облыстық финалда бас жүлде – 1 миллион теңге мен Қарағанды экономикалық университетінде оқу гранты. Екінші орын иегеріне 500 мың теңге, үшінші орын иегеріне 250 мың теңге тағайындалған.

Байқауға шәкірт дайындаған ұстаздар да марапатсыз қалмайды. Олар қаржылай сыйлықтардан бөлек, демеушілердің қолдауымен автокөлікке ие болады.

Алғашқы кезеңдер 20 қарашада басталмақ. Шешуші финал желтоқсан айында өтеді.

Байқау ережелерімен <https://qazaqepos.com/> сайтынан танысуға болады.

Байланыс нөмірі: 8-778-283-16-01 (WhatsApp), (8-7172) 24-95-45, e-mail: qazaqepos2025@mail.ru

Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз қызметі

Веложарыс

Туризм күніне арналды

Қыркүйек айының соңында Қарқаралы қаласында Туризм күніне арналып республикалық веложарыс өткізілді.

Алтын күздің алуан түрлі бояуына малынған сұлу Қарқаралы тауының қойнауында быыл төртінші мәрте ұйымдастырылған сайысқа велоспортты серік еткен қырықтан астам велошабандоз қатысты. Дүбірлі жарысқа Астана, Қарағанды, Теміртау қалаларынан, сондай-ақ, Қарқаралы ауданының ауылдарынан спортшылар келіп, бақтарын сынады. Тіпті, қос дөңгелекті безек қақтырған шет елдік екі азамат та келіп, жарыс жолына шықты. Қарқаралының саф ауасын мейірлене жұтқан олар бұл сайысты көпке дейін есінен шығара қоймас.

Айт пен тойдың аламан бәйгесінде делебесі қозатын жергілікті жұрт та бәсекеде ақ тер, көк тер болып алқынған велоспортшыларды қызықтап, бір жасап қалды.

Республикалық мәртебе иеленген жарыстың қорытындысы бойынша үздік көрсеткіштерге қол жеткізген жеңімпаздар мен жүлдегерлер осы бәсеке үшін арнайы әзірленген кубоктармен, медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Өз тілшімізден



«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы»
ЖШС Директоры –
Бас редактор
Құрманғазы ӨТЕБАЙ

100800 Қарқаралы қаласы, Ө.Бекейханов к., 40 үй
Бас редактор – 31-3-50 (факс)
Қабылдау бөлімі – 31-7-84, 8-775-548-35-23
Бухгалтерия – 31-4-56
E-mail: karkaraly_too@mail.ru
Біздің есепшотымыз:
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды қаласы,
ИИК KZ326010191000161842,
БИК HSBKZKX БИН 990940002210

Газет жергілікті «Қарқаралы» газеті редакциясы баспаханасында теріліп, беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Арқо» ЖШС (Сәтбаев к., 15) баспаханасында басылды.

Меншік иесі: «Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Құрылтайшысы: Жұмаханова Г.С.

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 01.09.2001, 2280-Г
Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 9 қаңтарында № KZ23VPY00109516 қайта есепке қою куәлігімен тіркелген.

Автордың пікірі редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді.

Газет сенбі сайын шығады. Көлемі 2 баспа табақ, Индекс 65626. Таралымы 2500. Тапсырыс 39